

Жақсыбай
САМРАТ

Кенже үл

ДРАМА

16.04.21.18(6)

ЖАҚСЫЗБАЙ САМРАТ

С. МЕРДАС
ХЕТОЖАССО
СҮРСЕ ОБГОРДАЙ

Кенже үл

30.06.20

Автордың «Бұралаң заман» романының
желісімен осы заманғы жастар өмірінен
жазылған екі бөлімді жеті көріністі

ДРАМА

НУР-СҰЛТАН
2019 жыл

УДК 821.512.122

ББК 84Қаз-44

Ж 21

Жақсыбай САМРАТ.

Ж 21 Кенже ұл: Драма. – Нұр-Сұлтан: 2019, 48 6.

ISBN 978-601-213-043-0

563523

Бүтінгі заманғы жастар өмірінен жазылған драмада үміт дүниесіне жаңа аттаған жас адамның жан арпалысымен қатар үлттық трагедия мәселелері, қазақ ауылдарының күри бастауы, ата дәстүр мен салттың аяқта басылуы сөтті ашылған. Нанымды суреттер мен ұтымды ойлар көрерменді бей-жай қалдырmasы анық.

УДК 821.512.122

ББК 84Қаз-44

ISBN 978-601-213-043-0

901266

© Ж. Самрат, 2019

Алғысөз орнына

Осы еңбектің трагедия аталмай драма деп аталаудының өзіндік сыры бар. Трагедия басты кейіпкерді табанды құрестің шегіне жеткізіп, орны толmas апатқа ұшыратса біздің кейіпкеріміз замана талқысына батылдықпен қарсы тұрмаған, оған атойладап қарсы шықлаған осы заманғы бейне. Басқаша болса нағымсыз да болар еді...

Еңбектің мазмұнына тоқталатын болсақ, тартыс алдымен ауылда басталады. Мұнда жеке отбасындағы драма бүкіл халықтық, ұлттық трагедияға айналып бара жатқанына назар аударылады. Кенже үлдің қарашаңырақты ұстап, ата-бабаның қонысында қалмауының салдарынан мындаған ауылдар жабылып, иесіз қалып жатыр. Шекаралық өнірлердің жалаңаштанып қалғаны да осының кесірі. Ауыл интеллигенті Жарасбектің 3 ұлы, 2 қызы бар. Басқаларының бәрі қалалы жерге кеткенде Жарасбек пен әйелі Құлмөш университетті «қызыл дипломмен» бітіріп келген кенже үлдары Айқынды ауылда ұстап, мұғалімдік қызметке орналастырып, оны «қарашаңырақ иесі» қылуды көксейді. Бұл ата-бабаның салты. Қарашаңырақ жабылмауы кепек, сонда алысқа кеткен балалары мен немерелері

туған жерден, кіндік қаны тамған топырақтан та-
мырын үзбейді, келіп тұрады. «Қарашаңырақтың»
қасиеті сақталғандаған біздің өзіндік ұлт болып
ұйысусымыз жалғасын табады. Осы мәселе драма-
ның лейтмотиві іспеттес...

Бірақ өз ортасының озығы болып өскен, тең күр-
бысының алды болып жүрген Айқын ауылға бір-
ақ жылға шыдайды. Жастардың бәрі кетіп қалған,
клуб жок, бәрі тып-типыл... «Итімді жүгіртіп ермек
қылғанға, сосын кемпір-шалдың ортасында оты-
рып, кембағал адамша ТВ-ға үнілгенге мен қанағат-
танбаймын» деп салады ол. Экесі ата-бабаның жо-
лын айтып, кенже ұлдың міндетін еске салып, ер-
тең өздері өлгенде қарашаңырақтың қаңырап қал-
мауын жүйелеп түсіндіргенімен баласын көндіре
алмайды. «Сен ата-анаңың батасын алмай, туған
жерді менсінбей кетіп баrasың, ал бата алмаған -
қарғыс алғанмен тең. Сені туған топырақтың киесі
ұрады» дейді ақыры Жарасбек. Біраз ойланғанымен
баласы «мұның бәрі ескі түсінік, қазақ қазір туған
жер түгіл шетелге де асып жатыр» деп түйіп, әкесі
мен шешесінің айтқанына көнбей қалаға кетеді.

Астанада ол бір мектепке мұғалім болып орнала-
сады. Осында 10 сыныпта оқитын Сара деген қызға
ғашық болып қалады. Екеуінің арасында ақ махаб-
бат оянып, бірін-бірі көрмесе тұра алмайтын халғе
жетеді. Айқынның ағалары бакуатты жігіттер. Олар
інісіне үй сатып әпереді. Сөйтіп, жағдайы келісken
жігіттің басына күтпеген жерден қайғының қара-
булты үйіріледі.

Мұғалімдікті місе тұтпаған оны ағасы бір жақсы қызметтегі танысының қарамағына қызметке түркізады. Бірақ сол жігіттің көп нәрсені көрген, көптен өткерілген, енді күйеуге тиіп дамылдап, отбасын құруды аңсап жүрген қызы Лэйла Айқынды ұнатып қалады. Шетелдік фирмада істейтін қу қызы Айқынды өздерімен бірге Бурабайға баруға көндіріп, ақыры, оны алдап қолға түсіреді...

Осы сапардан кейін ат құйрығын ұзбек болған жігіттің қыр-соңынан қыз қалмайды. Қашқалақтаған жігітке ақыры бас прокуратурада істейтін апайын салады. Ол өйел Лэйланың аяғы ауырлап қалғанын айтып, егер үйленбесең біз сені қыз зорлады деген қылмыстық баппен сотқа тартамыз деп сенімді сөздермен қорқытады. Басына қаратунек орнаған жігіт Сараны қимай науқас болуға айналады. Досы Мұрат арқылы бәрін білген ақылды қыз жігітке қолдау білдіреді. Бірақ бұдан проблема шешілмейді, Лэйлаға үйленуге тұра келеді. Жаңа үйленгендерді «бал айын» қызықтауға шығарып салу кезінде Сара әуежайдың биік басқышынан қарап тұрады. Оны Айқын көреді. Бірақ қыз бір себеппен басы айналып кетіп, 10 метрлік биіктен құлап түседі... Негізгі себебін топшылауды көрерменнің көкейіне қалдырып, драма Айқынның қайғысымен аяқталады. Жігіт өзін туған топырақтың киесі ұрды деп санайды...

Оқиға барысында құқық қорғау саласы қызметкерлерінің ішінәра заңға емес, жеке адамның мұддесі жолына қызмет ететіндігі көрініп қалады. Осының өзінен қоғамдағы әділетсіздік, бақытты

болғысы келетін жандардың аяғынан шалушылық болатындығы да сезіледі. Драмадағы тартыстар – рухани және материалдық құндылықтар қайшылығының арасында өрбіген. Айқын Сарадай аруды сүйсе де өзінің бақыты үшін белсеніп күресуде қорғалақтық танытады. Бұл біздің заманың шынайы бейнесі сияқты, өйткені қазіргі заманың геройы рухани құндылықты жақсы қызмет, бай тұрмыс жолына құрбан етеді. Романтикалық кейіпкерлер ұмытылған, реалистік бейнелер басым. «Адамды тек материалдық байлық қана бақытты етеді» деген сөздердің әсері оларға көбірек ықпал ететіні сөзсіз. Қыскаша айтқанда драманың мазмұны осындей. Көздеген мақсатқа жету жолында көркемдік тәсілдер мен амалдарды, ұтымды диалогтарды талғаммен сұрыптауға тырыстық.

Автор



КАТЫСУШЫЛАР:

Айқын – 24 жастағы сымбатты жігіт

Сара – 10 сынып оқушысы, оның сүйген қызы

Мурат – Айқынның ауылдасы, бірге тұратын доссы

Жарасбек – Айқынның өкесі

Күлмәш – Айқынның шешесі

Лэйла – Айқынға ғашық болған бойжеткен

Рабига Тасымовна – Лэйланың апайы, прокуратура қызметкери

(Шығарып салушылар, күзетшілер және т.б.).

Оқиға осы күндеңі ауыл мен қалада болады.

БІРІНШІ БӨЛІМ

I көрініс

(Ауыл үйінің іші. Кілем ілінген, алаша төсөлген. Үстел орындықтар тұр. Мектептегі сабағынан оралып, шкафқа киімдерін іліп жатқан мұғалім баласының қуанышты түрінен секем алған анасы бірдеңе сұрағысы келсе де қызылықтап, бата алмай тұрып, ақырын тілге келеді).

Күлмөш: Балам, біртүрлі көңілдісің ғой? Бір жақсы хабарың бар ма?

Айқын: Иә, апа, мұғалімдіктен шығатын болдым, әйтеуір директор қол қойды. Қалаға кетемін, Астанаға барамын!..

Күлмөш (қапалы үнмен): Қайран, қор болған үмітім... Балам-ау, анаңың сөзін қулағыңда да іл-медиң-ау, қайтейін...

(Бұк түсін отыра кетеді)

Айқын: Апа-ау, талай айттық қой бұл сөзді... Несіне қайталай бересің? Ауылда не істеймін? Бой сергітетін ешқандай ермек жоқ. Клуб баяғыда жабылған. Менің құрдастарымның бәрі қалаға кетіп қалған. Жас дейтіннен ешқайда сыймайтын 2-3 алқаштан басқа ешкім жоқ... Жалғыз ермегім итім ғана... Соны жүгірткенге мәз болайын ба? Жан-жағымда лапылдалап, қайнаған қызу өмір өтіп жатқанда кембағал адам құсап, кемпір-шалдың жанында телевизорға телмірумен жас өмірімді өткізейін бе?!

Күлмөш: Балам-ау, тепсе темір үзетін жігітсің, неге

өзің қыздырмайсың сол самарқау тірлікті? Ауылды көркейтетін жастар емес пе? Институтыңды қызыл дипломмен бітірдің, қызметің бар. Окушыларың өзінді жақсы көреді. Ертең директор да боларсың. Әжептәуір ақша табасың... Әкең екеуміздің зейнетақымың да оған сеп. Қорада азды-көпті мал бар. Енді бір шүйкебасты үйге енгізіп, шұңқілдесіп, ата-анаңа қарап, қарашанырақты ұстап отыра бермейсің бе? Осы дүниені сендер үшін жинадық емес пе?

Айқын: Жоқ, апа, талай айттым ғой, саған. Жалғыз өзім не істеймін? Институт дейсің... Оның дәрежесі бакалавр ғана, бұрынғы техникуммен тең. Мен магистратураға түсіп, жоғары білімді толық алғым келеді. Астанаға барсам магистратураға түсуге тырысамын. Ал үйленуге әлі ерте, жаспын... Жас басымнан отбасының шырғалаңына шырмалар жайым жоқ!

Күлмәш: Қайдағы жассың... Биыл 23-ке келдің... Сенің жасында аталарыңың 2-3-тен сәбіі де болған...

Айқын: Ол басқа заман... Қазір заман басқа, заң басқа... Үйленетін жас қазір отыз...

Күлмәш: Өзіндей Қорабай үйленді ғой, әне... Жаспын деген жоқ...

Айқын: Қорабайдың жөні бір басқа, шешесі жоқ болған соң көрі әкесіне шәйін құйып беретін адам керек болды. Оның үстіне өзің білесің: құлағының мүкістігінен қорынып ауылдан ұзай алмайды. Ал аяқ-қолым сау, әке-шешем тың, азды-көп білімім бар мен қайтып ауылда сопайып жалғыз отырам?

Күлмәш: Келіншек ал дегенім сол ғой, саған...

Айқын: Түү, апа-ай, бір сөзді қайта-қайта айта бергеннен май шыға ма?

Күлмәш: Сонда өлмелі өке-шешенді кімге тастап кетпесің? Бізді қайбір жетісіп жүр деп едің, жетпіске шыққалы мен де екі күннің бірінде ынқылдал қаламын... Әкен де көп ауыратын болды. аздаған қараны сенің көмегіңмен ғана жайлап жүр. Оған да оңай емес...

Айқын: Малды азайту керек. Сонда жеңіл болады. Ал қатты ауырып-сырқап қалсандар келеміз ғой біріміз... Немесе сендерді де қалаға көшіріп әкетеміз...

Күлмәш: Әкен туған жерді тастап ешқайда кетпеймін деп отырган жоқ па? Ата-бабасының туған тоғырағын тастап, ол ешқайда бармайды.

Айқын: Жұрттың бәрі көшіп жатыр ғой. Ешкім туған жерін қалтасына салып жүрген жоқ. Қазір карттарыңың өзі қалаға асығуда...

Күлмәш: Ондайлар ауылда жағдайы жоқ болған соң кетіп жатыр... Құдайға шукір, біздің қолымызда мұғалім баламыз бар. Ертең үйленіп, қолымызды жылы суға малады деп біз саған үміттеніп едік қой... (Үні тұншығып, көзіне жас алады... Осы кезде ауыз үйден кірген адамның дабыры білініп, тарс еткен дыбыстар шыққан соң Күлмәш қолына шәйнегін ала жүгіреді. Айқын сахнаның бір бұрышында өзімен өзі сөйлесіп тұр. «Су-су» еткен дыбыстар Күлмәштің күйеүіне болған оқиғаны күйінішті сыйырмен жеткізіп жатқанын білдіруде).

Айқын (монолог): Енді әкеммен сөйлесу керек. Оның білмейтіні жоқ. Мені талай жерде сөзден мұдірткен. Қазір де жеңері хақ. Не істеймін енді? Кеше Корабай үйленгенде барлық құрдастарым келді. Бәрі де қала-ның қызықтарын ауыздарының сұры құрып айтты. Менің алі күнге ауылда жүргеніме бәрі де таң қалып жатыр. Әсіресе, Саматтың: «қөшкен елдің жұрттында қалған ала күшіктей болыпсың» деген әзілі батып кетті. Құлетін адам мен бе едім, солардың бәрінен да жақсы оқып, бәрінің де алды болдым емес пе? Енді бәрінің соңында қалыппын... Соның бәрі ауылдан шыға алмай қалғанымның кесірі... Жұмысың бар дейді анам. Қазір ауылдағы мұғалімдікті місе тұтқан жан бар ма? Мектепте де өзімнен басқа бір жас жоқ, бәрі де зейнет жасындағы кәрілер. Не үйде, не түзде ойнап-құлетін адам жоқ. «Жас-жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» демейтін бе еді үлкендер, ешкіммен сыр белісі алмай, тұрмадегі қылмыскерше томага түйік журе бергеннен адам саяқ болып кетпей ме? Осының бәрін әкеме айтып көремін, ол ақылды кісі ғой, менің жағдайымды түсінуге тиіс. Кешке үйге сыймайтынымды өзі де көріп жүр емес пе?

(Осы кезде шешесінің дауысы шығады).

Күлмөш: Кел, тамағыңды іш.

(*Ушеудеге отырып, алдымен үн-тұнсіз астан алып отырады*).

Жарасбек: Е, сейтіп кетемін де? Ата-анаңа айтуды, ақылдасуды да ойламадың ба?

Айқын: Алама көптен бері айтып жүрмін ғой, сіз де білесіз...

Жарасбек: (күніреніп) Біз сені бес баламның кішісі, қарашаңырақ иесі деп қасымызға алып қалдық емес пе? Енді шаңыраққа кім ие болады? Барлық үкілеген үмітімді саған байлап отырған дәрем жайда? Өсіп алған соң қоянның көжектерінше бытырып, әке-шешені тастап, өз беттерімен кету деген қайдан шыққан? Ата-бабамның жолы осы ма еді?

Айқын: Әке-ау, қазір бәрі де ауылдан көшіп жатыр ғой... Ертең сіздерді де көшіріп алармыз...

Жарасбек: Біреу құдыққа түссе біз де түсуіміз керек пе? Кетпеймін, мен ешқайда. (Ақырып қалады) Өлсем сүйегім осы шаңырақтан шығады.

(Біршама пауза орнайды).

Айқын: Өзініз көріп журсіз ғой, кешке үйге сыймаймын... Баар жерім, басар тауым жоқ, сөйлесетін құрбым жоқ. Итті жүгіртіп ойнағаннан басқа не істерімді білмеймін...

Жарасбек: Е, келіншек ал, қол-аяғың сау, білімің бар, жұмысың бар, бір қызыға татымайсың ба?

Айқын: Ала қоятын қызыңыз кәне? Жастардың бәрі қалада емес пе, қазір? Ауылда тұратын жігітке қыздар да шықпайды қазір... Бәрі таза жерде тұргысы, таза жерде жүргісі келеді...

Жарасбек: Кім айтты саған ауылды лас деп. Тазалықты сақтай білсең неге лас болады, ауыл? Ауасы түтін, көшесі шу, үйлері тар – қаланың қай жері артық ауылдан?

Айқын: Мен жалпы айттып жатқаным ғой. Ауылда малға қарап, астын тазалап, күтіп-баптауды лас жұмыс деп санайтындар бар ғой...

Жарасбек: Ау ендеше адамға тамақ қайдан келеді? Сүттің, еттің бәрі ауылда емес пе? Лас болса жемей көрсін соларды... Қолдан жасаған ет пен жұмыртқа-ны жей ме? Онымен қанша өмір сүрер екен?.. Одан да «ауырдың үстін, жеңілдің астын» ансайтындар көбейіп кетті десеңші... Бұрын бие сауғанды қындық қоруші еді, енді сиыр сауғанды да қынсына-тын әйелдер шықты.

(Әңгіме осы жерге барғанда біршама үзіліс болып, одан әрі Жарасбек баласымен дауласуды доғарып, тың әңгімеге түрен салады).

Жарасбек (күніренген дауыспен): Балам-ау, біз сені «кенже ұл - қарашаңырақ иесі» деген ата салтымен үйге қалдырдық. Қалған төрт балам мен не-мерелерім ауылға қарашаңырақ ашық болса ғана келеді. Қарашаңырақ бәріне ортақ. Ал ертең сен кетсөң, біз өмірден өтсек қарашаңырақ жабылып қалмай ма? Ат байлайтын қазығы болмаса балала-рым қайда келмек? Даға келе ме? Ата-бабаңың басына кім келеді? Ешкім келмесе олар жетімсіреп қалмай ма? Сен өзінді ғана емес олардың да та-мырын, бүкіл үрім-бұтағымыздың тамырын туған топырақтан үзіп тұрсың ғой. Туған топырақ ки-елі, шырағым. Ол бәрімізді өсірді. Құғын-сүргінге ұшырап шетел асқан ағаларымыз осы топырақты бір көруді аңсан өткен. Тіпті, төңген жауга, жауган оққа, жараланғанына, өлгеніне қарамай, осы топы-раққа сүйегін сүйретіп жеткеніне тәубесін айтып өлген кәрілер бар. Кеше дүниежүзіне тарап кеткен қандастарымыз туған жерге келгенде алып шықкан гүліңе, нан мен тұзынға қараган да жок, бәрі де туған

жерді құшып, ата-бабасының қаны төгілген, ісі сінген қасиетті қара топыракты өпті емес пе? Шеттеде олар аштан өліп, көштен қалған жок еді, тек – туған топыракты аңсаған, ата-бабасының қаны мен тері сінген асыл топыракты сағынған. Барлық қазакты тұтастырып түрған бір топырақ, ол атамекеніміз. Өлгенде де туған жердің бір уыс топырағы бүйірсын деп тілейміз. Бізді ата-бабамызбен сабактастыратын да сол. Атадан балаға берілген айнымас дәстүріміз де сол. Оны сақтамасақ іріпшіріп, ішкенте мәз, жегенге тоқ, малмен бірдей болып кетеміз. Ал сен... Сен сол топыракты, атамекенді менсінбей кетіп баrasын... Туған топырактың киесі болады балам, содан қорқу керек...

Айқын (ышқынып): Әке, мен алысқа кетпеймін ғой. Өзіміздің елде емеспін бе? Қазақстанның барлық тұклірі де біздің жеріміз ғой...

Жарасбек: Иә, барлық жер де – туған жер, бірақ кіндік қаның тамған топырақ жалғыз. Сен оны өз еркіңмен тастап, барлық туыстарының туған жердегі тамырын үзіп, қасиетін ескермей, ата-анаңың ақ батасынан аттап баrasын...

Күлмөш (тіксініп қалады): Түү әкесі, тым жаман сөздерді айтпаши. Қайда жүрсе де аман болсын. Әке-шешесінің қарғысын алған жоқ қой...

Жарасбек: Батасын алмаған қарғысын алғаннан да жаман...

(Жарасбек осыны айтып, ас қайырып, бетін сипап, орнынан тұрып кетіп қалады. Шешесі өзінің күйбеніне кіріседі).

Айқын (қапалы үнмен): Алымай, әкем қатты айтты-ау! Енді не істейін? Жұрттың бәрінің кетуіне рұқсат болғанда жалғыз маған жол жоқ па? Кенже үл болған соң бәрінің тамыры қара жермен бірге маған байланып тұр екен-ау. Енді қайттым?...

(Қатты ойланып, ерсілі-қарсылы жүріп кетеді. Ақыры қатты толқып):

Айқын: Жоқ, оның бәрі ескі түсінік. Қазіргі адам олай ойламайды. Мен алған бетімнен қайтпаймын. Кетем... Ал өке-шешем қатты қиналса қалаға өкетүгे көндірем...

ШЫМЫЛДЫҚ

II көрініс

(Кала өмірі, қайнаған тірлік, Астананың сұлбасы анадайда ілінген суреттерден көрініп тұрады. Ерсілі-қарсылы жүрген, даурықкан жастар. Қоңылді музика естіліп тұр. Сахнаға қызу әңгімелескен Айқын мен Мұрат шығады).

Мұрат: Сен өзі шынымен сол қызға ғашық болғаннан саумысың? Аузыңдан тастамайсың ғой. Байқа, балиғатқа толмаған қызға жақындасадам деп басың балеге қалып жүрмесін...

Айқын: Алла сақтасын, мен оны төсекке сүйремеймін ғой. Тек ғашық сияқтымын. «Ғашықтық құмарлықпен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» деген жоқ па Абай. Менің құмарлығым жоқ, тек ғашықпын, оны алақаныма салып, аялап

отыра бергім келеді. Ол сейлегенде ай тұғандай, ол күлгенде бұлт астынан жарқ етіп кун шыққандай айнала нұрға толып жүре береді...

Мұрат: Қойшы өрі, ескі ақындар құсап есің шықтай... Өзінің оқушың емес пе? Ертең біреу-міреу сезіп қалса басың дауға қалуы мүмкін...

Айқын: Оның рас, оның рас... Бірақ сол өзің айтқан «ескі ақындар» бізден есті болған не қыласың... Барлық тарихта тек солар ғашық болған қыздар қалды. Ал олар тек 16 жастағы қыздарға ғашық болған. Қарашы, ұлы Абай 16 жастағы Тогжанға ғашық болып, соған шығарған өлеңдері ғасырларға жетіп келеді. «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да, Аспанда ай менен кун шағылса да...» деп ол жасы үлкендеу өйелге айта қоймас еді. Тек пәк сезімді, ақ жүректі періштегерге деген ақ махаббаттан ғана осындай өлең туатын шығар. Пушкин де 16 жасар Наталья Гончароваға ғашық болған соң құдіретті махаббат жырларын шығарған. Гете де 16 жасар қызға ғашық болған соң ғана өзінің ұлы шығармасы «Фаусты» аяқтай алды...

Мұрат: Түү, өзің 16 жасар қызға деген махаббат туралы диссертация қорғауға дайындалып жүрген жан сияқтысың ғой... Бірақ әлгі айтқандарыңың барі ұлылар ғой, жұз жылда бір туатын... Немене сен де солардай боламын деп пе едің?..

Айқын: «Болмасаң да ұқсап бақ» деген емес пе?

Мұрат: Байқа жігітім, сен мына оқушыңа әбден ғашық болып есің шығып кетіпті... «Ойнақтаған от басар» дегендей өйтеуір бір балеге ұрынып қалма...

563523

Айқын: Егер адамзат қаланған тәртіппен, өздері салған қалыптен ғана жүре беретін болса өмірдің ғажайыптары қалай туар еді? Құдайдың өзі жерді жаратқанда бәрін біртекті қылмай, адамзаттың аңырап, ойлануы үшін, таң тамаша қалуы үшін талай ғаламаттарды қоса жаратқан ғой. Америкадағы биіктігі бір шақырымнан асатын Гранд каньоны соның бірі. Сондай кереметтерге қарап адам да ойланады ғой... Сол сияқты адамның бойында да неше түрлі ғаламаттар бар емес пе? Соның бірі - ғашық бола біту шығар? Фариза апаң: «Біреуді жақсы көрген қандай жақсы Нұрланып кетеді еken бар айналаң!» – деді емес пе? Мен де ғашық болғаннан бері бар дүние нүр шашып тұрғандай көрініп кетті. Махаббаттың құдіреті деген сол шығар.

Мұрат: Бірақ сенің ғашық болғаның басқаға керемет болып көрінбейді ғой?..

Айқын: Көрінбесе көрінбесін, өзім сезініп, кереметке өзім тап болып жатсам болды емес пе? Бірақ менің қуанышым бәрібір жүртқа да жүгады. Міне сен де, менің қуанышты күйімнен көнілденіп кеттің ғой? Жаңа ғана үйге кіргенде қабағыңын қар жауып, басынды бұлт шалып тұксип кіріп едін... қазір сен де жайнап кеттің емес пе?

(Екеуі қосыла құледі)

Мұрат: Оның рас... Жұмыстан қатты шаршап, қиналып жеткен едім... қазір шаршағаным қайда кетіп қалғанын білмей тұрмын...

Айқын: Әнене, көрдің бе? Сен ғашықтығың басқаға білінбейді дейсің... Мызғымайтын қара тас секіл-

ді сені де қорғасындаі балқытып жіберген жоқ па, менің айналага нұр шашқан махаббатым?

Мұрат: Сабыр, бауырым, сабыр... Қазір ғашықтыққа мас болатын заман емес. Ләйлі-Мәжнүннің заманы келмеске кеткен... Әне, келе жатыр, махаббатың, мен шығып кетейін...

(Kemin қалады)

Айқын (өзімен өзі сөйлесіп тұр): Расында басымды жоғалтпауым керек, Мұрат дұрыс айтады. Мүмкін бұл бір сәттік ыстық сезім шығар... Бірақ... бірақ міне, төрт ай болады, осы окушымды көрсем болды дүниенің бәрін ұмытатыным қалай? Қалай басталып еді, өзі? Бірде оныншы сыныптың окушыларына сабак беріп тұр едім, ак көйлекті әдемі қызбен көзіміз ұшырасып қалды. Ток ұргандай селк еттім. Не деген көз қарас?.. Аппақ қыздың маған қараған ұялы, ойлы, қарақаттай көздері қандай сұлу, қандай нұрлы? Не деген керемет, айтып тілмен жеткізе алмаймын...

Сабақ бітіп, окушылар шығып бара жатқанда, жалт етіп артына бұрылып, тағы бір қарап қалды. Алғашқы оқтан жарапансам, соңғысы ондыққа дәл тиіп, қалпақтай түсірді. Содан бері көп заман өткен сияқты... Ол менің күндіз есімнен, түнде түсімнен кетпейді. Мектепке де бір соны көру үшін асығамын. Талшыбыктай бұралған бойы қандай? Өзі белсенді, сондықтан шығар басқа қыздардай қылымсымайды, ызылып-сызылмайды. Бірақ ешкімге дауыс көтергенін көрген емеспін, сыпайы, биязы. Ұлық тәрбие көргендей бір керімсал...

Өткенде олардың үйлері күйіп, бүкіл мектеп мұғалімдері жылу жинағанда бизнесмен ағамнан келген барлық 100 мың теңгені тұтасымен бере салдым. Бұл да біздің жақындай тұсуімізге бір себеп болды. Содан бері міне, сенбі сайын менің үйімде куана кездесеміз. Далада қызырыстауға біздің мектептен біреу-міреу көріп қалар деп қорғалақтаймыз.
(Осы кезде есіктің қоңырауы шыр етеп қалады)

Айқын: Эне келді, жаным. Өзі ашып кіруге ерініп, осылай қоңырау соғады. Маған еркелегені ғой... Әйтпесе, өзіне бір кілтті беріп қойғанмын. Гүлім қайда еді?
(Үстелдің үстіндегі ғұлді ала жүгіреді де екеуі күліп-ойнап, сахнаға кіреді)

Айқын: Қатты сағынып қалдым, өзінді...

Сара: Кеше ғана көрісіп едік қой...

Айқын: Ой, ол көріскенді қойшы... Қысылып -қымтырылып, біреу-міреу сезіп қалмасын деп бас изесken көріскен бола ма екен... Ал, сен ше, сен де сағындың ба?

Сара (қызырып, күмілжіп): Өзіңіз қалай ойлайсыз?

Айқын: Эне солай, бар жұмбақтың шешүін өзіме та-стайды, әйтеуір. Шыныңды айтпайсың... Сағындың ба, жоқ па? Айтсайшы...

(Кыз күледі)

Сара: (ақырын ғана бірдене деп міңгірлейді. Екеуі қосыла күледі).

Айқын: Түү, мен саңыраулардың сөзін аударатын сурдоудармашы емеспін ғой, қаттырақ айтсаңшы...

Сара: Түү, ағай... Сейлетіп қайтесіз, көзімнен бәрін оқута болады ғой.

Айқын (жакындаپ): Қане, көзің не дейді, жақынырақ көрейінші... (қыздың белінен құшақтан, бетінен шөп еткізіп, сүйіп алады)

Сара (Ұлыып, басын ала қашып): Ұлықсатсыз сүйгенге бір шапалақ береді...

Айқын: Берші қане...

Сара (оның бетін алақанымен аялап): Ауырып қалады ғой.

Айқын: Аяйсың ба?

Сара: Аяймын да, аялаймын да...

Айқын: Сара, сенен бір нәрсені анықтасам ба деп едім.

Сара: Анықтаңыз...

Айқын: «Әйелдің жасын сұрамайды» дейді білетіндер, ал сен сияқты жас қыздардікін сұрай беруге болатын шығар... Осы сен келесі аптадағы тұған күнінде 16-ға толасың ба?

Сара (куліп): Жоқ, мен 17-ге толамын...

Айқын (куанғанын жасыра алмай): О, онда сен 18-ге шығады екенсің ғой...

Сара: Иә, мен мектепке бір жыл кейін барғанмын...

Айқын: Бұл өте дұрыс болды, Сара. Мен сені әлі 16-ғағана келетін шығар деп қысылып жүрген едім... Он сегізге шығатын қызбен ойнап-күлудің әбестігі жоқ...

Сара: Соны уайымдаپ жүр ме едіңіз? Соңғы кездері қабагыңыздың келіспей жүргені сол ма? Жүдеп те кеттіңіз... (Жымып құледі)

Айқын: Жоқ, Сара, мен мектептен кетуді ойлап журмін. Қазіргі талаптар шаршатып жіберді. Мектептегі барлық бос уақытым ешкімге керегі болмайтын бір папкаларды толтыруға кетеді. Сабаққа да дайындалып үлгере алмаймын. Соның бәрін толтырудан әбден қажымын.

Сара: Бәсеке, қашан көрсем шүкшиып бірдеңені жа-
засыз да отырасыз...

Айқын: А, сен мені сыртымнан да бақылап жүреді екенсін ғой...

Сара: Жок, кейде ғана... Не істеп жатыр екен деп сиртynyңдан қарап өтемін...

Айқын: Иә, солай... Мұғалімдердің бәрі папкалар толтырамыз да жатамыз... Мысалы, күнделік сабактың жоспары, өзіндік білім жетілдіру жоспары, үйірме жұмысының жоспары, дарынды оқушылармен жұмыс істеу жоспары, үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу жоспары, ата-аналармен жұмыс жоспары...

(Айқын шұбырта жөнеледі, Сара оған сыйқылдан күледі)

Сара: Түү...қалай көп. Соның бәрін толтырып шығу
барлық уақытты алады ғой...

Айқын: Иә, солай. Айтып тұрғаным сол ғой. Біздің жұмысымызды бақылауға келген тексерушілер балаларға берген біліміздің сапасын емес, осы папкалардың дұрыс толтырылғанын ғана тексереді. Дұрыс толтырсан жақсы, дұрыс толтырмасан қанша

жерден үздік ұстаз болсаң да нашарсың деген баға аласың...

Сара: Қызық екен... Мұғалімнің жақсы-жаманын анықтауды папкаға байлап қойғандары ма сонда?

Айқын: Солай... Сондықтан мектептен кеткім келіп жүр... Оның үстіне өзің көріп жүрсін, мен құралып-тас ер мұғалімдер де қалмады ғой.

Сара (мұнайып): Мектептен кеткен соң бәрін ұмытып кетпейсіз бе?

Айқын: Оның не, Сара? Бәрін ұмытсам да сені ұмытпаймын ғой. Сен менің жүрегіме мәңгілік орнадың...

Сара: Кім біледі... Басқа жерде менен жақсы қыз табылып қалса...

Айқын: Ақыл-есім адаспай, жер басып жүрсем сенен өзге жанға жоламаспын. Маған күн, ауа, су қандай қажет болса, сен де сондай керексің, жаным... Сенен басқа ешкімді қаламаймын...

Сара: Түү, қатты айттыңыз ғой...

Айқын: Ал сен ше?..

Сара: Мен... Сіз мектептен кетіп қалсаңыз сағына-мын ғой...

Айқын: Біз күнде хабарласып тұрамыз. Ал сенбі, жексенбі күні мектептен біреу көріп қалады деп қорықтай еркін қызыратын боламыз.

Сара: Сонда да... Сізді неше түрлі өдемі қыздар қоршайды. Сіз бәріне үнайсыз. (Ақырын) Қызғанамын ғой...

Айқын: Сен мені сүйесің бе? Ашып айтшы...

Сара: Сүймесем келмес едім ғой...

Айқын: Сүйсөң сенуің керек...
(Екеуі құлімдеп, құшақтасып тұрып қалады).

ШЫМЫЛДЫҚ

ІІІ көрініс

(Айқынның үйі. Есіктен аһылап-үйілеп, шаршаган шешесі Құлмаш кіреді. Оның артынан бір-бір ауыр сөмкені көтеріп, Мұрат пен Айқын кіреді)

Айқын: Тұу, апа-ай, осынша жұкті сүйретіп несіне әуре болдың?.. Астанада аштық бар деп естіп пе едің?..

Күлмөш: Ой, қарағым-ай, еріккеннен сүйрелеп жүр дейсің бе? Сенің қамың ғой... Былтырығы соғымнан дәм татпадың, келіп кетуді білмейсің... Содан саған сақтаған дәмім емес пе? Бұрынғыдай поселке салу да жок, қазір. Сүрленген етті де жақсы көруші еді деп бір-екі табақ салғанмын. Мұрат екеуің біраз қаужандарсыңдар. Ана қымызды да атылып кетпесін деп жол бойы алаңдап отырдым, қақпағын ақырын-дап ашындар. Ауылдың май-қаймағын да сағынған шығар деп салғанмын, одан басқа не бар дейсің, бізде...

Айқын: Мынаның бәрі аз ба? Мұндай дүниені қаладан іздесең таппайсың ғой... Әкем аман ба, өзі? Ауырған жоқ па? Кейде түсіме кіреді...

Күлмөш: Аман, құдайға шүкір. Тегіс аманбыз. Өздерің қалайсыңдар.

Айқын: Біз аманбыз ғой... Ал, апа, жайғаса беріңіз,
біз дайындақ қойған дәмімізді жасай берейік...
(*Күлмәш киімдерін шешіп, жайғаса бастайды*).

Күлмәш: Балам-ау, бір бөлмелі деген пәтерің осы
ма? Атшаптырым ғой... Осында үй алып берген
агаларыңнан айналсаң болмай ма?

Айқын: Айтып жатырмыз ғой, алғысымызды. Ер-
тең қолымнан келіп жатса мен де олардың балала-
рына қарасармын...

Күлмәш: Мына үйде Мұрат екеуің екі келіншек
алып тұра берсендер де жетеді екен... Баяғы күнде
ағайынды жігіттер бір бөлмеде шымылдық құрып
келіншектерімен бірге тұра беретін...

(*Бұған екі жігіт сықылықтан құледі*)

Айқын: Апам енді бастады, баяғы әнін...

Күлмәш: Е, несі бар, келіншек ал десем айып па?
Үйің бар, күйің бар, жасың келді...

Айқын: Ал басталды-басталды, сута таяқ тасталды...
(*Күлмәш үйді аралап, әрнемені қозғап көре бастайды*).

Күлмәш: Балам, мына ыдыстарды кім жинап кеткен?

Айқын: Өзіміз ғой, апа. Үйдіс жинауға үлкен өнер
керек емес шығар, қолымыз бар емес пе?

Күлмәш: Ал мына орамалдарды кім жуып, жайып
кеткен?

Айқын: Өзіміз дедім ғой, өзіміз... Қолымыз бар...

Күлмәш (ішінен ақырын ыңылдала): Балам мені
алдай алмайсыңдар... Сендердің екі емес төрт қол-
дарың болса да мына ыдыстарды мұнтаздай қылып
жуып, тас-түйнактай қылып жинай алмайсыңдар...

Мұрат: Апа, шәйға жақындаңыз...

(*Күлмаш үстелге отырып жатып, Мұраттан көз алмайды*).

Күлмәш: Мұратжан, мына бақандай қолдарыңмен сен ыдысты тап-таза қылып жуа алады дегенгे кім сенеді? Мына салаттарды да мәшинеден шыққандаі біркелкі етіп турай алар ма едіндер? Айқынның да ептілігі өзіме мәлім... Ауылда өскен екеуің салат көрдім дейсің бе? Қайсыңың болса да бір қыздарың бар-ау шамасы... Әйтеуір ұзагынан сүйіндірсін...

Мұрат: Әйтеуір сезіп тұрсыз ғой, ендеше қуана беріңіз, апа, қолы алтын бір келініңіз болады, Алла жазса...

Айқын: Түу, Мұрат, қойсаншы... Алама бірденені бастап берсең болды... өкетеді ары қарай...

(*Бәрі құліп, мәз болады...*)

Күлмәш: Жазған балам-ай, мен саған жаман бол деймін бе, жақсы болсын, адам болсын деймін де...

(*Біршама үнсіздік орнап, тамақ ішіледі*)

Мұрат: Мен бүтін кешкі ауысымда едім, жұмысқа барайын...

(*Кетеді. Кенет Күлмәш басым ауырып барады деп ыңқылдай бастайды*).

Күлмәш: Осы маған сүйқ тиіп қалды-ау деймін... Вагонда жел соғып еді... Басымның сақинасы ұстап қалған сияқты..

Айқын: Жақын жерде дәріхана бар, мен барып дәрі алып келейін...

Күлмәш: Жок, ойбай керегі жоқ, қандай дәрі

ішетінін де білмеймін. Маған бір ыстық сорпа болса жетер еді...

Айқын (өзіне-өзі): Қап... Енді не істедім, Сараға хабарласып, бір сорпа істеп бер деп айтайын ба? (*Киналып қалады*) Мұрат екеуіміздің қолымыздан дәмді сорпа істеу келе қоймайды. Басқа амал жоқ, Сараны шақырайын... Бірге істейтін әріптесім деп таныстырармын...

(*Шығып кетеді*)

Күлмәш (оның соңынан қарап, шығып кеткеніне көзін жеткізеді): Өстіп амалдамасам бұл маған қызын көрсетер ме?.. Әкесі сияқты бірбет емес пе? Келінді көрдім деп оны да куантайын...

(*Біршама уақыттан кейін Айқын мен Сара кіреді. Ди-ванда ыңқылдан жатқан Күлмәш басын көтереді*).

Айқын: Апа, мына қызыңыздың есімі Сара, менімен бірге қызмет істейді. Қазір саған бір ыстық сорпа істеп бермекші...

Сара: Сәлеметсіз бе...

Күлмәш: Рахмет, айналайын... Сәлеметпін, бақытты болыңдар...

(*Орнынан тұрып, қыздың бетінен сүйеді. Сара ұялып қалып, асүйге шығып кетеді*)

Айқын (ақырын): Түү, апа-ай, бөтен қызды несіне бас салып сүйіп жатырсың?.. Ұялып қалды ғой...

Күлмәш: Зайыры бөтен емес сияқты... Журегім сезіп тұр. Ұзағынан сүйіндірсін. Тіл-аузың тасқа, аккудың көгілдіріндей екен...

Айқын: Түү, апа-ай, қойшы енді, естіп қалса ұят
қой...

ШЫМЫЛДЫҚ



II БӨЛІМ

I көрініс

(*Кызметтік бәлме, бай жиһаз, үлкен үстелде Айқын
жұмыс істеп отыр. Кенет қалтафоны шыр етеп қа-
лады.*)

Айқын: Түү, осы қызды-ай, қайта-қайта шырылда-
тып, маза бермей қойды ғой.

(Телефонды баса салады)

Айқын: Өзінің менде көңілі бар-ау деймін. Ай-
дай сұлу алтыным Сара түрғанда сені не қылайын?
Әкесінің мені үлкен қызметке тұргызғаның міндет
қылатын сияқты. Тұргызса ағам Айбынның досы
болған соң тұргызды, алғаны да аз емес... Қап, сол
күні Айбынмен бірге оның үйіне қонаққа бекер-ақ
барған екенмін. Нем бар еді? Бас-көз жоқ, жабыса
кетті... Есімі де қызық, қазақтың Ләйла деген әп-ә-
демі есімін Ләйла деп жат қылып алған. Бір ауыз
қазақша білмейді... Енді шоңайнаша жабысып,
соңымнан қалар емес. Біреуге әйел болып жарыт-

пас-ау, ешкімді менсінбей, қалағаныма қол жеткізбей тынбаймын деп құтырына сөйлеп қалған біреу...

(Осы кезде телефон тағы шыр етеп қалады)

Айқын: Түү, тағы да сол ма екен? Жоқ, мынау басқа нөмір ғой. Алло, тыңдал тұрмын...

(Әр жағынан әйел дауысы естіліп тұрады)

Әйел: (өте маңызды дауыспен) Айқын, мен Лэйланың тетясымен, бас прокуратуралың қызметкерімен. Сізге қатысты өте маңызды мәселе бойынша бүгін кешкі жетіде «Отырар» кафеіндеге кездесуіміз керек. Мен сізді залға кірген бетте оң жақ қатардағы шеткі үстелде тосамын. Устімде қызыл көйлек болады...

Айқын (қапелімде сасып қалып): Жақсы... Мен келемін.

(Сахнаның алдыңғы шетіне қарай шығып өзіне өзі:

Қап, қайдан келісе қойдым. Уақыттым жоқ деуім керек еді ғой... Сүм қызы бас прокуратуралы да қосқан ба? Не деген сүмпайы еді. Енді баруға тұра келеді...

Сахнаның арғы жағы ресторандегі үстелдеңде жиналған. Қызыл көйлекті мосқал әйел отыр. Айқын салемдесіп, оның жанына отырады.

Әйел: Келе ғой, айналайын. Мениң аты-жөнім Рабиға Тасымовна. Лэйланың мамасының туған өткесі боламын. Қызмет орнымды айттыйм, шенім әділеттің аға кенесшісі, милицияға аударғанда полковник. Ұзақ жылдар тергеуші болып та істегенмін. Келгеніңе рахмет, айналайын.

Айқын: Оқасы жоқ...

Рабиға: Айқын, мен сенің анаңдай адаммын. Біз де өзіндегі үл мен қыз өсірдік. Бәрі де бақытты болсын, өмірде жолы болса еken деп тілейміз. Анаңың тілегі сол ғой. Бәріңе де соны тілейміз.

Айқын: Раҳмет

Рабиға: Лэйла біздің қолымызда өскен бала. Менің кіші қызыыммен жасты. Екеуі қатар өсті. Біз қолымыздан келгенше барлық жақсылықтарды жасадық, әлі де жасай береміз. «Оның табанына қадалған шөнгө мандайыма қадалсын» деп жанымыз ашитын туыстармыз...

Айқын: Дұрыс-ак... бірақ соның бәрін маған несіне айтып отырғаныңызды түсінбедім?

Рабиға: Біз сенің Лэйламен араларыңда сөздерің болғанына ешқандай қарсылығымыз жок. Жастардың өз бақытын тапқанына қуанамыз. Ата-анасы да өзінді жақсы біледі еken... Папасы ағаңмен дос көрінеді... Осы айтқандарымның бәрі дұрыс қой?

Айқын: Дұрыс шығар... Бірақ екеуміздің қарым-қатынасымызды «сөзі болған еken» дегеніңіз артықтау, біз тек жақсы таныстармыз...

Рабиға: Бірақ дос екендерің рас қой?

Айқын: Тым жақын емес, тек телефонмен сейлесіп тұрамыз..

Рабиға: Бірақ сен Лэйлага енді теріс қарай бастапсың... Телефонына да жауап бермейтін көрінесің?.. Неге?

Айқын: Онда не тұр?.. Менің қолым тие бермейді, жалпы мен онымен тек таныс ретінде ғана қарым-қатынас жасаған болатынмын. Одан үлкен ешқандай

жоспарым болған емес... Сондықтан ара-қатынасымыздың үзіле бастағаны дұрыс шығар деп ойладым...

Рабига: Адам қоғамның бір тетігі, сондықтан оның алдында жауапкершілігі бар екендігін ұмытпауы керек...

Айқын: Мен басым азат адаммын, сондықтан біреудің алдында өзімді жауапкермін деп сезінбеймін...

Рабига: Ләйламен бірге қыскы каникулда Бурабайға барып дем алғандарынан жалтармайтын шығарсың?

Айқын: Компаниямызben бірге болайық, бәрін фирмамыз көтереді деп қызылып шақырған соң бардым. Қолым бос болатын. Онда не түр, қылмыс емес қой?

Рабига: Жоқ, ешқандай қылмыс емес... Бірақ мен жауапкершілік жайлыш тегін айттып отырған жоқпын. Заң қызметкері болған соң, шырағым, мен тұра сейлеуге дағдыланған адаммын. Ол үшін айыпқа бүйирма. Сол жолы екеуінің аранда төсек қатынасы болды ма?

(Айқын алдымен ыршип *tүсін*, *тіксініп* қалады)

Айқын: Екі адамның арасындағы құпия қатынастарды әйгілеудің керегі қанша? Мүмкін болған шығар, мүмкін болмаған шығар, оны басқа адамның білуі міндеп емес қой...

Рабига: Мәселе соған тіреліп түр ғой... Демек, ерлі-байлы адамдардай қарым қатынаста болғаныңды мойындайсың ғой?

Айқын: Мен жауабымды айттым, апай. Ал мойындаймын, мойындамаймын дейтін қылмыскер емесспін...

Рабига: О, сен занды жақсы білетін адамға үқсайсың. Оның жақсы екен... Төсек қатынасы болғанынан да бас тартқан жоқсың. Ал ендеше сол қатынастың салдарынан Лэйланың аяғы ауырлап қалғанын білесің бе?

(Айқынның түрі өзгеріп, шошып кетеді. Бірақ сыр бермеуге тырысады).

Айқын: Ондай болса өзі айтуы керек еді ғой...

Рабига: Сен хабарласпай, телефонынды да көтермей қойған соң қалай айтады?

Айқын: Апай, өзіңіз де ашық сөйлеп, анығын айттып отырсыз ғой, ендеше мен де тұрасын айтайын. Лэйланың маған дейін де жігіттермен қатынасы болғанын білемін. Оны өзі де айтқан. Сондықтан шарана менен болғаны күмәнді?

Рабига: Шарананың сенікі екенін анықтап, ал өзінді өйел зорлады деген баппен жауапқа тарту біздің қолымыздан келеді. Сол түні Лэйланың көмек сұрап айғайлағанын, жылағанын естіген күөгерлер де табылады. «Вещдок» ретінде жыртылған, қан жүккән киімдер де шығады. Сөйтіп, қылмыскер атанып, өйел зорлады деген баппен 10-15 жылға кете баруын да мүмкін...

Айқын: Жанашырлығыныңға рахмет. Бірақ мен Лэйлаға ешқашан үйлене алмаймын, өйткені оны сүймеймін...

Рабига: Сабыр айла, айналайын. Мына сөздерің осы жерде қалатын болсын, сен айтпаған, мен естімеген болайын. Әйтпесе, мұның арты орны толмас өкінішке соқтырады...

Айқын: Қандай өкінішке?..

Рабига: Шараның сенікі екенін анықтап, ал өзінді әйел зорлады деген баппен жауапқа тарту біздің қолымыздан келеді. Сол түні Лэйланың көмек сұрап айғайлағанын, жылағанын естіген куәлер де табылады. «Вещдок» ретінде жыртылған, қан жүккән киімдер де шығады. Сейтіп, қылмыскер атанып, әйел зорлады деген баппен 10-15 жылға кете ба-руын да мүмкін...

Айқын: Мен сіздерді құқық қорғайтын шығар де-
сем, бүйкірлікты қолдайды екенсіздер ғой... Бір
адамның тағдырын – бір шырпының сынғанындаі
қыласыздар ма сонда?

Рабига: Солай етуге тұра келетін жағдайда біз еш-төнеден бас тартпаймыз. Сондықтан әңгімені насырға шаптырмай Лэйлаға үйлен, сонда алдыңнан ақ жол ашылып, біздің топқа енесің. Қызметің де өседі, тұрмысың да жақсарады, ағаң мен Мансұрдың достығы да сакталады. Естіл жатқан шығарсың, оның қызметі жуырда өсіп, министрдің орынбасарлығына кетеріліп жатыр. Ертең министр болуы да алыс емес. Сондай кісінің жалғыз қызы қолыңда түсіп тұрғанда бас тартасың ба? Қазір өмірдегі құндылықтар сүйем-куйеммен өлшенбейтінің сен жақсы білтүте тиіссін...

Айқын: Бірақ махаббатты ешкім жоққа шығара алмайды... Ол Алланың адамға берген асыл касиеті...

Рабиға: Махаббат деген бір уақыт аралығындағы
кысқа сезім. Біраз уақыттан кейін ол ұмыттылады...
Тек ертегілер мен аңыздардаған ол мәңгілік. Егер

махаббатын жоғалтқаннан өлсө – қазіргі адамдардың жартысы қырылып қалған болар еді. Материялдық байлық қана адамды бақытты ете алады, қалғанының бері бос сөз. Сен ауылдан жаңа келген жас жігітсін, ешқандай байлығың жоқ, сондыктан Лэйладай қыздың өзінді ұнатқанын бақыттым деп үғуың керек. Ертең екеуін үйленсендер оның ата-анасы мен туыстары сендерді бақытты ете алады...
(Біршама үнсіздік орнайды).

Айқын: Жақсы... Мен ойланайын, хабарын кейін айттармын...

Рабиға: Сейт, айналайын... Ойлан! Менің айтқандарымның берін оңашада салмақта. Ешкімге де артық проблема керек емес... Берін де ақылмен шешкен дұрыс. Мінеки, менің визиткам...

ШЫМЫЛДЫҚ

II көрініс

(Айқынның үйі, өзі жалғыз).

Айқын: Не болып кетті мына заман? Кеше ғана аспаннан нұр құйылып, айналаның бері гүлдеп тұрғандай еді. Бұғін бір қара дауыл соғып, жай тұскендей болды ғой. Жан дүнием жалғызысырап, бос қалды. Ішімде бір түйір үміт шоғы жоқ! Гулге оранған бақтың бері қурап кеткендей. Әнші құстардың бері тып-типыл... Қарааспан тұтасып тұрып алғандай. Тағдырдың осындаидан да ойны болатын

ба еді? Бақыт – қолға қонған құс деуші еді, сол құсым ұшып кеткені ме? Бір-ақ сәтте жоғалып кетеді екен-ау... Бақытымнан айрылсам тірліктің құны қанша?!

(Осы кезде *Мұрат* кіреді)

Айқын: Келгенің дұрыс болды ғой... Сенен басқа сенісерім жоқ. Өзің бәрін білесің. Бүтін ана қыздың бас прокуратурада істейтін әпкесі келіп, Лэйланың аяғы ауыр болып қалғанын айтты...

Мұрат: Мәссаған... безгелдек... Содан?

Айқын: Одан арғысы одан да сүмдыш. Сен Лэйлаға үйленесің, үйленбесең «қыз зорлады» деген баппен жауапқа тартып, түрмеге салу қолымыздан келеді дейді...

Мұрат: Ах, сүмдар-ай, сүмдар-ай... Енді не болды?

Айқын: Соны өзім де білмей басым қатып отырмын. «Ойнақтаған от басады» деген осындай-ақ болар... Бурабайға барғанда, вискин ішіп мәз болғанда арты мұндай болар деп ойлаптын ба?

(*Мұрат* орнынан тұрып кетеді. Өзіне-өзі күбірлеп, қатты ойланып жүр. Кенет бір шешімге келгендей, Айқынның қасына келеді.)

Мұрат: Сен сол қызды шынымен жек көресің бе?

Айқын: Тіпті атын да естігім келмейді...

Мұрат: Ендеше... ендеше киллер жалдап көзін құрту керек...

(Айқын мырс етеді)

Айқын: Ой, сөзіңе болайын. Менің ісім екенін екі айналмай табады ғой... Оның үстіне адам өлтіртуге қалай дәтім баар? Қой, мұндай ақылынды аулақ өкет...

Мұрат: Ендеше... ендеше ана өйелдің ақылын ал да үйлен... Сараға бәрін түсіндіріп айт. Ол сен де-генде шығарда жаны басқа екенін көріп журміз ғой, бәріне көнеді... Сосын өзің ананың үйіне кеткенде мына пәтерінді Сараға беріп кет. Ол оқуын бітіріп, көмелетке толған соң үйленіп, мешітте некелерінді қидыр. Ал анау әйел у-шу шығарса, ажырас та журе бер... Оған дейін мына жұмысына да сіңіп аласын... Әкесі қудаласа басқа жерге ауысасың...

Айқын: Уай шіркіннің бәрін оп-оңай шешіп тастайтын ақылын-ай... Сараны ондайыңа көнеді деп кім айтты саған? Ал ана қызбен арамызда сәби өмірге келсе... Оны қалай қиямын? Ең бастысы Сараны қалай көндірерсің, ол өр мінезді қызы, мені сүйсеге де намысын аяқта таптатпайды... Тоқалым боласың ба деп оған қалай айттармын?

Мұрат: Ол сені сүйеді ғой, сүйгені үшін бір ерлікке бармас деймісің?..

Айқын: Не десен де мен мына сөздерді Сараға айта алмаймын... Жүрегім дауаламайды...

Мұрат: Сен айтпасаң мен барып айтып, түсіндіріп көрейін...

(*Айқын орнынан тұрып, ойланып қалады. Біраздан соң бір шешімге келеді).*

Айқын: Айтсаң айт... Бірақ төбеден түскендей тоқ еткізбей майдалап айт!

Мұрат: Қолымнан келгенше айтып көрейін...

(*Кетеді. Шам сөніп, қайта жанады. Сол көрініс, тек Айқын аппақ ішкімдермен төсекте отыр. Жұдеген. Күрсіне береді).*

Айқын (өзіне-өзі): Құрыды бәрі... Мұрат жақсылық хабар әкелмеді. Сара бәрін үнсіз тыңдапты да, бетін басып, жылап жіберіп, жүгіріп кетіп қалыпты. Енді не болдым? Содан бергі үш күнде құр сұлдерім қалды. Осыған Мұратты да бекер араластырдым-ау деймін. Бірақ өзім бәрібір айта алмас едім.

(Күрсінеді)

Айқын: Махаббаттың мұндаій болатынын кім білген? Бойыма ас батпайды. Ештеңеге заукым жоқ. Аурумын ба, саумын ба, белгісіз... Бүтін жексенбі, кеше келуге тиісті еді... Есікке құлақ тұрумен ұзақ күнді өткіздім. Келмеді... Келмейді, ол енді... Неге келсін? Мендей ақымаққа жалындаі жарқын өмірін қор қыла ма?

(Орнынан тұрып, сүйретіліп терезеге барып, дағаға телміре қарайды)

Айқын: Бүтін күн де жарқырап тұр екен-ау. Маған қаратунек секілді еді...

(Кенет шошынғандай, дауысы азы шығып кетеді)

Айқын: Апырмай, апырмай... Өзі ме? Алпақ сулығы жарқ еткендей болды ғой. Подъезге кіріп кеткендей болды... Ендеше қазір келеді.

(Жүгіріп сахнаның шетіне шығып, көйлегі мен шалбарын күп алады. Осы кезде есік сыңғыр етіп ашилып, Сара кіріп келеді. Батылсыз қимылмен жақындаі түскен жігіт кенет оны құшақтай алып, тұрып қалады. Кемсеңдеп жылаған дыбысы да сезіледі. Екеудің сүйемелдесіп келіп, орынтаққа отырады)

Айқын (құмыққан үнмен сөзі бөлініп): Мені кешіре аласың ба?

Сара: Мен сізді үлкен кісі ме десем, бала си-якты екенсіз ғой... Эйелдердің қу болатынын осы уақытқа дейін қалай білмегенсіз? Сізді Бурабайға 5-6 күнге қоналқаға шақырғанда жай ойнап-кулуте ғана шақырды деп ойладының ба?

Айқын: Бірге барып, дем алып қана қайтармыз деп ойлағанмын ғой... Оның ішінде қандай зымияндық жатқанын қайдан білейін?

(Екеудің үнсіз отырып қалада. Біраздан соң Айқын өксігі басылып, есін жинағандай болады).

Айқын: Өзің білесің... Мен сені ғана сүйемін. Басқа ешкім де, ешнәрсе де маған керек емес. Сенен... тек кешіргеніңді өтінемін...

Сара: Мен кешіргеніммен проблема шешілмейді ғой...

(Екеудің де ойланып отырып қалады)

Сара: Сіз бір нәрсеге сенімді болуының керек... Ана өйел шынымен жүкті ме, ал жүкті болса шарана шынымен сіздікі ме? Егер... егер осыған көзіңіз жетсе... үйленуге тұра келеді... Ал мен...

(Жылап жібереді)

Сара: Ал мен... Тағдырдың басқа салғанына көніп, сізді тосамын... Өзіңіз білесіз... Тек сізді ғана ұнатамын...

(Айқын орнынан атып тұрып, оны құшақтай алады)

Ш Ү М Ү Л Д Ү К

III көрініс

(Айқын жұмыс кабинетінде, жалғыз отыр. Кенет сатыр-сұтыр етіп, қара аспанда наизағай жарқ еткендей жағымсыз дыбыстар білініп, қара шашы желбіреген бір қыз кіріп келеді. Ол амандастасстан бірден сөзге кіріседі).

Ләйла: Ер адам «қолмен істегенді мойынмен көтөреді» деуші еді, менен неге қашқалақтап, жалтара бересің? Табылмай қалармын деп ойлайсың ба? Барібір бір сейлесуіміз керек қой?

Айқын: Мен қашып жүрген жоқлын, ойланып жүрмін. Сен ойлануға да мұрсат бермей, қайта-қайта телефон соға бересің... Аяғыңың ауырлад қалғанын тәтең айтты, соны өзің неге айтпадың?

Ләйла: Айтайын деп едім сен менімен сейлеспей, түрлі сылтаумен телефоныңды да жауып, қашқалақтай бердің емес пе?

Айқын: Ал... ал сенің маған дейін де ер адаммен төсек қатынасында болғаның белгілі болды. Тіпті кейін де болған шығар... Шарананың менікі екенін қайдан білемін?

Ләйла: Сен мені көрінгенмен бей-берекет қатынасқа түсетін женіл жүрісті әйел деп жазғырмақпышың?.. Олай менің ар-намысыма тиме! Рас, мен өзімнің бұрын бір еркекпен болғанымды жасырмаймын. Оның шет жағасын өзіне де айтқанмын. Үйленемін деп алдап кетті. Ол оқиғаның болғанына да үш жылдан асып барады. Ал оған тағдыр өз жазасын берді. Еуропа елдерінің біріндегі елшіліктеге

қызмет етіп жүргенде жол апатынан қаза болды...
Егер сен менің бойымдағы шарана менікі емес де-
сеп ДНК сараптамасына салуға болады...

Айқын: Жақсы... Ал сен неге сақтанбадың? Ондай-
ды білмейтін жас қыз емессің ғой?..

Лэйла: Менің вискиге қызып қалғанымды өзің
білесің... Өзің неге сақтанбадың? Сені жақсы көрген
соң қолыңды қайтара алмадым, сүйгеніме жазықты
емеспін ғой...

(Шағын пауза)

Лэйла: Егер біз бір-бірімізді кінәлап, салғыласа
беретін болсак, ешқашан проблеманы шеше ал-
маймыз... Керісінше ауырлатып аламыз... Одан да
женіл шешетін өркениетті жол іздейік...

Айқын: Сонда маған не қыл дейсің?..

Лэйла: Не қылу керектігін апайым айтты емес пе?
Үйленуімізге тұра келеді...

Айқын: Ол мүмкін емес... Шынымды айтсам менің
басқа қызыым бар... Мен оны сүйемін. Сенен біздің
бақытымызды күйдірмеуінді өтінемін...

Лэйла: Ал мен ішімдегі шарананы қайда жібер-
мекпін? Күйеуге тимесен позор болады деп мамам
күнде жылайды. Хорошо что, алі папам білмейді.
Білсе инфаркт алып қалтуы мүмкін... Түсіртіп таста-
уга бәрі кеш көрінеді. Мұндай мерзімде түсірту ден-
саулығыма да зиян келтіріп, мәңгі - бақи перзентсіз
қалдыруы мүмкін...

Айқын: Казіргі медицина күшті емес пе?

Лэйла: Медицина күшті болғанымен жеті апталық
мерзімнен кейін алу қауіпті...

(Екеуі үн-тұңсіз отырып қалады)

Ләйла: Ал сенің қызыңың барын мен білемін. Естідім... Ол әлі мектеп оқушысы көрінеді... Өз оқушыңмен журуің педагог ретінде моральдық тұрғыдан сені жақсы жағынан сипаттамайды...

Айқын: Ол сенің шаруаң емес...

Ләйла: Менің шаруам болмағанымен ертеңгі күні іс насырға шауып, сотқа тірелетін болса, сенің ба-лиғатқа толмаған оқушы қызға қырындап, оны айналдырып алғаның да ашылады... Бұрынғы ұжы-мында бұл мәселені білетіндер арасынан сотқа келіп, сені әшкерелеп, куалік беретіндер де табы-лады... Қызың да, оның ата-анасы да сотқа шақы-рылып, куалік беруге мәжбүр болады... Осының бәрі саған керек пе?

(Айқын ауыр күрсініп, қызға жеккөрінішті көзбен қа-рап отырып қалады. Бірақ отырған соң Ләйла тағы сөйлейді)

Ләйла: Қысқасы... Осы аптаның аяғына дейін ой-лан... Сенбі күні хабарласамыз. Келесі аптада үй-лену туралы өтініш беруіміз керек. Егер аптаның аяғына дейін шешім қабылдамасаң мен прокура-тураға шағым түсіріп, зорлады деп айтуда мәжбүр боламын. Сонда барлық абыройыңмен қоса бас ер-кінен де бір-ақ айрыласың...

Айқын: Жазықсыз адамға жала жабуға ұялмайсын ба?

Ләйла: Мақсатыңа жету үшін ештеңеден де тайын-бау керек. «Все средства хороши для достижения цели»...

Айқын: Сонда ар-ұят қайда қалады?

Лэйла: «Цéль оправдывает сре́дства» деген Макиавелли. Мақсатқа жету үшін жасалған істің бәрі ақталауды. Ар-ұят дегенің де соның ішінде... Сондықтан мен ештеңеден де тайынбаймын!..

(Осыны айтып, қыз қоштаспастан шығып кетеді)

ШЫМЫЛДЫҚ

СОНҒЫ КӨРІНІС

(Әуежай. Қоштасу саті. Жаңа үйленген Айқын мен Лэйланы туыстары, достары «бал айына» шетелге шығарып салуға жиналған. Бәрі көңілді. Ырду-дырду. Осы топтан Айқын шеттей береді).

Айқын: Апымай, келіп қалмас па еken? Жүрегім қақ айырылып осында қалып бара жатқандай... Құр сүлдерім кетіп барады. Осындайда да адамдар мәз болады еken-ау... Ешқайсының менімен жұмысы жоқ. Бәрінің өз қызықтары өздерінде. Тек өздерінің жолы болып, жұмысы жүрсе болды...

(Қаумалаған көпшілік Айқынды орталарына алып кетеді. Ағыл-тегіл тілектер, мақтаулар айтылып жатыр. Айқын тағы да шетке шығады).

Айқын: Әне, әне... Анау биіктек тұрган ақ көйлекті... Сол ма... Сол ғой... Келген еken ғой періштем... Жеткен еken ғой. Қап енді шыға алмаймын-ау...

(Колын бұлғап, ерсілі-қарсылы жүріп, жан ұшырады.)

Айқын: Келген екен ғой. Көріп қалайын деген ғой. Келемін жаным, келемін. Бәрін де қалдырамын. Кеудемде жаным бар болса бәрібір ораламын...

(Тағы да біреулер қаумалап, оны топтың ортасына алып кетеді. Лэйла қолын мойнына артып алыш, босатпайды. Сол кезде бір дауыстар: «Ойбай құлады», «Қызы құлады», «Өлді-ау», «Өзі құлап кетті» деген қатты дауыстар шығады. Айқын елең ете қалады, бірақ қаумалаған қауым босатпайды. Айқын күшпен сұрылып шығады).

Айқын (жүгіріп шығып): Апырай... апырай... Көрінбейді ғой... Сара емес пе екен?

Айқын (есікте тұргандарға жетіп барып): Қандай қызы құлады, көрдіңдер ме?

Күзетші: Бір ак көйлекті қызы құлады... Бірден өліпті... 10 метрдей биіктік оңай ма? Жаңа алып кетті...

Айқын (ah ұрып отыра кетеді): Сол... Сол болды ғой... Енді не болдым... Жіберіңдер...

(Есікке жүгіреді. Бірақ онда тұргандар сіз тексеруден өттіңіз, қайта шығара алмаймыз деп кеудеден итепреді.

Айқын: Бітті. Бақытым күйді. Сарашым-ай... Саратайым-ай... неге келіп едің? Биіктен басың айналып кетті ме? Мені қимай, тағы бір көрейін дедің-ау...

Басыма осындаі бақытсыздық қайдан келді?

(Есі ауған адамдай сенделіп жүріп кетеді)

Әлде... Әлде... Мені туған жердің киесі атты ма? Әкемнің сөзін тыңдамай, қайрылмай тастап кетіп

едім... Кіндік қаным тамған топырақ жібермеді ме?
Сол... Соның киесі атты мені... Мен үшін басқа қызық жоқ енді, бұл өмірде...

(Осы кезде: «*Посадка, посадка...* Ұшаққа отырғызу басталды» деген дауыстар шығып, біреулер қаумалап сенделген Айқынды қолтықтап алып кетеді).

Ш Ы М Ы Л Д Ы К



Жақсыбай САМРАТ

Кенже үл

Драма

**Редактор А.Кәкімова
Корректор А.Қуандық**

Басуға 10.06.2019 ж. қол қойылды.

**Пішім 60x84/32. Офсеттік басылым. Тапсырыс №5.
Есептік баспа табагы 2,75. Тарапалмы 100 дана.**

ИПТКА «Гlobus»

Нұр-Сұлтан қ., Б. Момыш ұлы даңғ., 12 үй

тел. 8 776 532 09 05

e-mail: globus.ast@mail.ru